



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

### Список использованных источников

1. Газета «Егемен Қазақстан» программная статья Главы государства «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», 12 апреля 2017 г.
2. Великие мысли великих людей: Антология афоризма: В 3-х томах. Том 3: XIX-XX вв. / Сост. И.И. Комарова, А.П. Кондрашов. – М.: РИПОЛ классик, 2004. – 340 с.
3. Лебон Гюстав. Психология толп. – М.: Институт психологии РАН, Изд-во «КСП+», 1998. – С. 123, 125.
4. Шоқай М. Таңдамалы. - Т. 1. – Алматы: Кайнар, 1998. – 187 с.

ӘОЖ94(574)

### ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ АНТИЯДРОЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫ - ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ

**Айтказина Еркежан Талгатовна**

history11@enu.kz

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің II курс магистранты  
Астана, Қазақстан

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында: "Егеменді дамудың 22 жылында барша қазақстандықтарды біріктіретін, ел болашағының іргетасын қалаған басты құндылықтар жасалды. Бұл – еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы" деп атап өтті [1]. Оның ішінде еліміз үшін де, әлем мемлекеттері үшін де маңыздысы Қазақстанның ядролық қарудан өз еркімен бас тартқан, халықаралық қатынаста бейбітшілік сүйгіш келбетін қалыптастыруы еді. Бұл бағыттағы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың еңбегі ерен.

Тарихқа көз жүгіртсек 1989 жылы елімізде «Невада-Семей» қозғалысы құрылды. Бұл бастаманы бүкіл әлем қолдады. Антиядролық қозғалыс мүшелері Семей ядролық полигонын жабу, әлемдегі бес полигондағы сынақтарды тоқтату және кейін оларды жабуды мақсат етті. Нұрсұлтан Назарбаев бұл қозғалысқа әу бастан қолдау көрсетті. Мемлекет басшысы жекелеген қозғалыстарды біріктіріп, Мәскеуді Семей полигонындағы ядролық сынақтар жарылысын тоқтатуға мәжбүрледі. 1989 жылы 30 мамырда Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Төрағасы Н.Назарбаев КСРО халық депутаттары съезінде ядролық сынақтар туралы өз пікірін білдірді. Бұған дейін мұндай дәрежедегі бірде-бір басшы жұрт алдында полигон туралы тіс жармаған еді.

Осыдан кейін 1989 жылы 9 маусымда КОКП ОК-нің Саяси Бюросы «Семей полигонындағы жерасты ядролық жарылыстарына байланысты Қазақ КСР-нің жағдайы туралы» мәселені қарады. Сөйтіп, 1990 жылдың 13 сәуірінде КСРО Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары И.Белоусов Н.Назарбаевқа Семей полигонындағы сынақтардың 1993 жылдан бастап қана тоқтатындығы туралы қаулы жобасын жібереді.

Соған қарамастан Н.Назарбаев ядролық сынақтарды тоқтату туралы жұмыстарын жалғастырып, 1990 жылы 22 мамырда өткен ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің XII шақырылымының 1-ші сессиясында КСРО басшыларынан тез арада сынақтарды тоқтатуды талап етеді. «Біздің полигонды жабу және жарылыстарды тоқтату туралы ұстанымымыз – бұрынғыдай өзгеріссіз қалады», – деген Мемлекет басшысы 1991 жылы сынақ полигонында болып, КСРО Жоғарғы Кеңесінің сессиясында ядролық полигон жабылатынын және бұған қатысты барлық жауапкершілікті өз мойнына алатындығын мәлімдеді. Осылайша, Нұрсұлтан Назарбаевтың қолдауымен Семей ядролық полигоны жабылды. Қазақстан сол кезде әлемде қуаттылығы

жөнінен төртінші орынға ие атом арсеналынан өз еркімен бас тартты. Тіпті, оны жоюды көздеп, бүкіл әлемді ядролық қарудан бас тартуға шақырды.

1992 жылы Мемлекет басшысы Лиссабон хаттамасына қол қойып, Қазақстан ядролық қаруға ие болудан бас тартып, өзінің ядролық қару таратпау туралы міндеттемесін белгіледі.

2009 жылы 19 маусымда Қазақстан Республикасы «Невада-Семей» антиядролық қозғалысының 20 жылдығын және Семей ядролық полигонындағы сынақтар тоқтатылуының 20 жылдығын атап өтті. Осы жиында Елбасы: «...29 тамызды, осыдан 18 жыл бұрын ядролық полигон жабылған күнді Жаппай қырып-жою қаруынан бас тартудың Бүкіләлемдік күні деп жариялау бастамасы назар аударуға тұрарлық деп санаймын. Біз бұл ұсынысты Біріккен Ұлттар Ұйымының қарауына ендіруге әзірміз» – деп атап көрсетті [2, 2 б.].

Елбасының жаһандық деңгейде ядролық қарусыз әлем құрудағы қажырлы еңбегінің көрінісі ретінде атап өтуге болатыны және бұл бастамаға әлем жұртшылығының бет бұра бастағандығы деп мойындауға болатын шара 2017 жылы 31 тамызда Астанда 62-ші Пагуош конференциясы «Жаңа ядролық қауіп-қатерге қарсы іс-қимыл» тақырыбында өтті. Конференция жұмысына әлемнің 46 елінен барлығы 200-ден астам делегат келді. Жалпы, бұл алқалы жиынның қазақ жерінде өтуі тегін емес. Өйткені, Қазақстан халқы ядролық сынақ зардаптарын өз басынан өткерді, ал қазіргі кезде Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың жетекшілігімен мемлекет ядролық қарусыздану мәселелері бойынша жетекші ел болып мойындалды.[3]

Екі жылда бір мәрте ұйымдастырылатын конференцияда ғаламдық проблемалар реттеліп, ғалымдар пікірі сарапқа салынатынын айта кеткен жөн. Оның үстіне бұл жолғы кеңес ядролық қауіп-қатерді сейілтуге бағытталып отыр.

1957 жылы әлемде ядролық соғыстың қауіп-қатерлерін талқылаған ғалымдардың бірінші халықаралық кездесуі Канаданың Пагуош қаласында өткен. Қаланың құрметіне аталған ұйым халықаралық статуска ие. Ол қарусыздану, қауіпсіздік және ғылыми ынтымақтастық, бейбітшілік үшін ғалымдарды, саяси және қоғам қайраткерлерін біріктіретін халықаралық үкіметтік емес ұйым. Ұйым қарусыздану және қауіпсіздік саласындағы көптарапты негізгі келісімдерді: Ядролық қаруды атмосферада, ғарыш кеңістігінде және су астында сынауға тыйым салу туралы шарт; Ядролық қаруды таратпау туралы шарт; Зымыранға қарсы қорғаныс жүйесін шектеу туралы шарт; Биологиялық және химиялық қару түрлеріне тыйым салу туралы конвенция; Еуропадағы кәдімгі қарулар туралы шарт және басқа құжаттарды әзірлеу және қабылдауда маңызды рөл атқарды.

Қазақстан көшбасшысы БҰҰ Бас Ассамблеясының 66-ші сессиясында Жалпыға бірдей ядросыз әлем декларациясын әзірлеу туралы ұсыныс білдірген болатын. Бүгінде бүкіл әлем барлық мемлекеттердің ядросыз әлемге қадам басуын күтуде. Ядросыз әлем үшін күресте Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевқа әлем көшбасшылары жоғары баға берген. 2012 жылы Сеулде өткен Ядролық қауіпсіздік жөніндегі екінші саммитте Нұрсұлтан Назарбаев ядролық қаруды жалпыға бірдей таратпау және жою туралы әмбебап шартты қабылдау, жалпыға бірдей Ядросыз әлем декларациясын жасау жөніндегі бастамаларын ұсынды.[4]

Нәтижесінде 29 тамыз – халықаралық ядролық қаруға қарсы күрес күні. Бұл күн Қазақстанның ұсынысы бойынша БҰҰ ұйғарымымен бекітілген болатын. Мұндай шешім 2009 жылы БҰҰ-ның 64-сессиясында қабылданды. Бұл әлем алдындағы ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ғана емес бүкіл қазақстандықтардың жеңісі[5].

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. "Қазақстан - 2050" Стратегиясы - ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы //Егемен Қазақстан, 15.12. 2013 ж.
2. Назарбаев Н.А. Безъядерный мир – глобальная миссия Казахстана // Мысль, 2012, № 10.
3. Кабрахманов К. Человеческие последствия испытаний ядерного оружия в Казахстане. – ТОО «Издательство Олке», 2013. - 335 с.

4. Казанцева О. Общность задач, единство целей // Казахстанская правда, 2013, 30 ноября.
5. Шәріп А. Ядролық қарусыз әлемде мәңгілік ел құрамыз [Мәтін] / А. Шәріп // Айқын. - 2016. - 30 тамыз (№ 129). - 1-2 б.

ӘОЖ930.85(574)(045)

## **РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ ҰЛЫ ДАЛА МҰРАСЫ**

**Алдоңғоров Әлішер**

alashtynbalasy@mail.ru;

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің І курс студенті,  
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшілері– Талғатбек М.О., Дүкенбаева З.О.

Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық еңбегінің мәні терең, жас ұрпаққа берер үлгі-өнегесі өлшеусіз. Елбасымыздың мақаласында айтылғандай, ұлт тұтастығын сақтай отырып, өз моделімізді құрастыруымыз керек. Кеңес билігі кезінде талай ғасырдан бері келе жатқан ұлттық салт-дәстүріміз үлкен қатерге ұшырады. Сол сәтте тарихымыз бен рухани қазыналарымыздан бас тартқызатын идеология орнатылып жатты. Тәуелсіздікке қол жеткізген тұста мәдени және рухани дәстүрлерімізді қайта жаңғырту процесі басталды. Дегенмен жылдам жылжып жатқан жаһандану дәуірінде ұлт тұтастығын жоғалтып алу қаупі жойылған жоқ. Сол себепті, рухани құндылықтарды сақтап қалу маңызды. Халықтың тілі, тарихы, төл мәдениеті, жазба мұрасы – рухани құндылықтардың көзі. Бабаларымыздың ұлттық кодын бізге жеткізетін – қазақтың мәдени әлемі. Ол – ескі ғалымдардың жұмыстары, эпикалық мирастар, музыка, фольклор, салт-дәстүр, архитектуралық ескерткіштер. Бүгінде осылардың барлығы қайта жаңғыртылып, сақталуда. Діни фундаментализм, экстремизм мен терроризмге тек этикалық нормалар, мәдени және дәстүрлі құндылықтар ғана қарсы тұра алады. Руханият үйлесімінің арқасында Қазақстанда діни қақтығыстар, алауыздықтар жоқ. Елбасымыз Жолдауында «Егер ұлт мәдени кодын жоғалтса, ұлттың өзі жоғалады» дейді.

Елбасының мақсаты – ұлттың ұлы мұраты. Ол – Ұлы Дала елінің бойында белгілі тарихи себептермен қалғып кеткен прагматизмді ояту арқылы ұлттық, қоғамдық ойға, іске сілкініс әкелу, тәуелсіз елдің санасы мен ағзасын отаршылдық, кембағалдық, бойкүйездік комплекстерінен тұтастай арылту. Мемлекет басшысы қазақтың ежелгі «дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» қағидасын мықтап ұстануға шақырады: «Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек», деп атап көрсетті. Мемлекет басшысы нұсқап отырған ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, заман ағымына қарай оның сипаттарын өзгерту, «білім культін» қалыптастыру, мемлекет пен қоғамды революциялық емес, эволюциялық жолмен дамыту, ең бастысы, сананың ашықтығын, яғни әлемдік озық жаңалықтарға, ғылым-білімге құшақты айқара ашу идеялары ұлттың рухани-мәдени қалыбы болмақ. Әрі жаңа дәуір сынақтарын бәсекелік қабілеті ерекше ел ғана еңсере алады. Осы тұрғыда Елбасының мемлекет пен қоғам алдына қойып отырған нақты міндеттері рухани саладағы түбегейлі реформалардың бастауына айналарына күмән жоқ. Латын әліпбиіне көшу – Мәңгілік Елдің рухани жаңғыруының басы болса, «Туған жер» бағдарламасы жаңа ғасырдағы әлемдік, өңірлік, ішкі-сыртқы тәуекелдерге қарсы тұра алатын отаншылдық тәрбиенің, ұлтжандылықтың кепілі болмақ. Сондай-ақ, «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы жалпыұлттық қасиетті орындарды және аса қастерлі жерлерді сақтауға,